

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Ақтөбе облысы Бірғыз ауданы Аманкөл ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 14 наурыздағы № 4 шешімі. Ақтөбе облысы Бірғыз аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 26 наурызда № 3-5-172 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Бірғыз ауданы Аманкөл ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 26 маусымдағы № 13 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Бірғыз ауданы Аманкөл ауылдық округі әкімінің 26.06.2018 № 13 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы ауылшаруашылығы министрлігінің ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің Бірғыз аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2018 жылғы 23 ақпандағы № 2-17/55 ұсынысы негізінде Аманкөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аманкөл ауылдық округі Құтикөл ауылының Е. Игібаев көшесінде жануарлар арасынан құтырық ауруы анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Аманкөл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Бірғыз аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Бірғыз ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК